

Мухатаева Қ.
**Қазақстан Республикасындағы
аудио және электронды
кітаптардың даму болашағы**

Muhataeva K.
**The future development of the
the audio and electronic books in
the Republic of Kazakhstan**

Мухатаева К.
**Развитие и перспективы аудио
и электронных книг
в Республике Казахстан**

Мақаланың мақсаты Қазақстан Республикасындағы аудио және электронды кітаптардың даму болашағына талдау жасай отырып, негізгі даму бағытынан мағлұмат беру. Мақалада аудио және электронды кітаптарды тарату жолдары және оның болашағы туралы талдаулар жасалады.

Түйін сөздер: аудио және электронды кітаптар, баспалар, кітап тарату, кітап сауда нарығы, баспа ісі.

The aim of the article is the analysis of the future development of the the audio and electronic books in the Republic of Kazakhstan, main directions and prospects of development publishing and book market in Kazakhstan.

Key words: audio, electronic book, publishing house, book trade, book publishing.

Целью статьи является анализ и перспективы развития аудио и электронных книг в Республике Казахстан, книгоиздательской деятельности и книжного рынка Казахстана.

Ключевое слово: аудио и электронные книги, издательство, книгораспространения, издательское дело, книгоиздательство.

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫН-
ДАҒЫ АУДИО ЖӘНЕ
ЭЛЕКТРОНДЫ
КІТАПТАРДЫҢ ДАМУ
БОЛАШАҒЫ**

Аудио және электронды кітаптар шығарудағы біршама қол жеткізген жетістіктерге қарамастан, Қазақстанда бұл сала нарығы әлі де болса кенжелеп қалып отыр. Өйткені, аудио- және электронды кітап нарығы да, алғашқы кезеңге тән өз қиындықтарын бастан кешіруде. Негізгі көрсеткіштері бірқалыпты болмағандықтан, бұл сала ішінде тұрақты әрі сенімді байланыстар жоқ.

Десек те, бүгінгі таңда аудиокітаптар, дәстүрлі баспасөз ба-
сылымдарымен қатар кітап сөрелерінде өзінің заңды орында-
рын алуда.

Аудиокітаптар немесе Audiobooks – осы жанр мамандары-
ның даусымен дыбыстанған әртүрлі жанрдағы әдеби шығарма-
лар, аудиокітаптарды тыңдауға дербес компьютер, ноутбуктер,
MP3-плеер, КПК/Смартфон, қалта телефоны, автомагнитола,
тұрмыстық аудиотехника сияқты қажетті құрал жабдықтар
керек. Қазіргі ақпараттық технология заманында аудиокітап-
тар қарқынды түрде қолданысқа еніп, кеңінен танылып келеді.
Электронды кітап (E-book device) – мәтін түріндегі ақпаратты
электронды форматта көрсетуге арналған, арнайы мамандан-
дырылған, ықшамды құрал-жабдықтар тобының атауы. Ал-
ғашқы кезде жаппай қолданыста болған электронды кітаптар,
1998 жылы NuvoMedia и Softbook Press компаниясы шығарған
монохромды LCD-экран түріндегі қондырғылар болды. Кейін-
нен оларды жетілдіріп, түрлі түсті экранда көрсететін, және
мүмкіндігі кеңейтілген электронды кітаптар пайда болды. Ал-
ғашқы модельдердің жақсы техникалық жетістіктеріне қара-
мастан (оларды шығару 2006 жылға дейін жалғасты), олар кең
көлемдегі қолданысқа ие бола алмады. Кейінірек холестерика-
лық сұйық кристалды (ChLCD) экрандық негізде пайда болған
электронды кітаптар шешімі айтарлықтай дәрежеге көтерілге-
ніне және автономды жұмыс істеу уақыты ұзартылғанына қара-
мастан, оларға деген сұраныстар аз болды. Оның басты себебі
экранда бейненің кешігіп шығуы, жарық түсіретін қондырғысы
болмағандықтан.

2007 жылдан бастап, электронды кітап нарығында элект-
ронды қағаз технологиясының пайда болуына байланысты да-
му жолын бастан өткізуде.

Қазақстандағы электронды кітаптардың қаншалықты таны-
мал болғандығын төменгі диаграммадан көруге болады. Қазақ-

стандықтардың 31,76%-ы кәзіргі кезде электронды кітаптарды пайдаланады, 28,80%-ы ноутбук (КПК, телефон) арқылы пайдаланады, ал 4,54%-ы электронды кітап дегенді білмейді (bb.ct.kz сайты конференциясының материалдары бойынша). Электронды кітаптарды әртүрлі интернет-дүкендерден сатып алуға және сондай-ақ, электронды кітапханалар қызметін пайдалануға болады.

Жалпы алғанда Қазақстанда шығарылатын электронды басылымдар туралы толық ақпарат алу мүмкін емес. Дегенмен де, кейбір ақпараттарды, барлық баспа өнімдерінің депозитарийін жинап отырған, Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы мұрағатынан «Бико», «Центральный Дом Бухгалтера», «Арман ПВ», Е. А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті баспаларынан келіп түскен мынадай электронды кітаптарды көруге болады. «Бико» баспасынан электронды басылымдар, мерзімді және жалғаспалы басылымдар, «Правовед Проф», «Бухгалтер Проф», «Специалист ВЭД», «Бухгалтер плюс компьютер», «Специалист отдела кадров» басылымдарына қосымша ретінде берілген. «Арман ПВ» баспасынан, қазақ тілін тереңдетіп үйренушілерге арналған «Бейнежазба», «Сұхбат» электронды кітаптары, Е. А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті баспасынан «Молекулярная физика и термодинамика», «История государства и права», «Методические указания и контрольные задания по английскому языку», «Экономическая политика», «Психопатологические особенности детского, подросткового и юношеского возраста», «Историческая география», «Редкие и исчезающие млекопитающие казахского мелкосапачника», «Философское учение Аль-Фараби», «Биотехнология» электронды оқулықтарын табуға болады. Кітап палатасына жылдан-жылға келіп түсетін электронды басылымдар көбеюде, 2012-2013 жылдары 100-120 ға тарта электронды басылымдар келген.

Кәзіргі кезде, Қазақстанда электронды басылымдар аз шығарылатындықтан, Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік кітап палатасында оларға сипаттама берілмейді, сонымен бірге, Кітап палатасына электронды басылымдардың байқау данасын тапсыруды міндеттейтін нормалық-құқылық база жоқ болғандықтан толық ақпарат беру мүмкіншілігі шектеулі. Кез келген баспа өнімдері сияқты, электронды басылымдарды безендіру кезінде белгіленген стандарттарды сақтау талап етіледі. ГОСТ 7.83–2001 – «Электронные издания. Основные виды и выходные сведения», ГОСТ 7.82–2001 – «Библиог-

рафическое описание электронных ресурсов» сияқты мемлекетаралық стандарттар бар. ГОСТ 7.82–2001 сәйкес стандарт нақты электронды басылымдардың негізгі түрлерін және электронды басылымдардың құрамы мен олардың орналасуын анықтайды. ГОСТ 7.83–2001 стандарт электронды ресурстардың библиографиялық сипаттауға қойылатын жалпы талаптар мен ережелерін тағайындайды. Библиографиялық сипаттамалар элементтерін орналастыратын облыстарды, оларды орналастыру ретін, элементтерді толтыру және беру тәсілдерін, шартты ажырату белгілерін қолдану ережелерін анықтайды. Бұл стандарт талаптарын орындау, электрондарды ресурстар үшін библиографиялық сипаттамаларды құрастыратын кітапханаларға, ғылыми-техникалық ақпараттар органдарына, мемлекеттік библиография орталығына, басқа да библиография мекемелеріне міндетті.

Электрондық оқулық XXI ғасырдың бәсекеге қабілетті мамандарын даярлауда ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды ертерек қолдануға дағдыландырады. Бұл ерекшелік білімді практикада пайдалану тиімділігін арттырады және жетілдіреді. Электрондық оқыту технологиясы білім алушының өмірінде білім алудың жаңа стилі және ақпараттық қоғамда лайықты өмір сүру технологиясы, үздіксіз білімді жетілдіру және іскерліктер мен дағдыларды дамытудың технологиясы болып саналады. Электрондық оқулықпен оқыту еңбек нарығындағы едәуір өзгерістерге, қажетті маманға қойылатын талаптардың өсуіне, мамандықтардың қарекетіне ақпараттық технологияларды ендіруіне, т. б. жағдайларға байланысты жетілдіруде. Өлемде қоғамның интеллектуалды ресурстарына жаңа көзқарас қалыптасуда. Білім әлеуметтік және экономикалық прогрестің басты, бағыттаушы факторы ретінде қаралады. Қазақстан электронды басылымдар шығару жолына енді ғана бет алды. Электрондық оқулықты пайдалану нәтижесінде қоғамда рухани бай, дені сау ұрпақ өсіліп жетіледі. Электрондық оқулықтардың болашағы зор, тиімді, пайдалы және орны бөлек. Олай деуімізге толық негіз бар. Біз үшінші мыңжылдықтың басында көптеген елдерде орын алып отырған ғаламдық өзгерістер – мемлекеттердің жаңа дәуірде, қоғамдық өмірлік негізін ақпараттық ресурстар мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құрайтын ақпараттық кезеңге нық қадам бастық. Білім саласында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланбай, мемлекеттердің ғаламдастыру және тұрақты өркениеттік даму жолымен алға басыуы мүмкін емес.

Әдебиеттер

- 1 Девятое заседание Межведомственного Совета по сотрудничеству в области периодической печати, книгоиздания и полиграфия. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2007.
- 2 Книга и мировая цивилизация: материалы XI Международная научная конференция по проблемам книговедения (Москва, 20–21 апр. 2004 г); в 4 т. – М.: Наука, 2004.
- 3 Морозов А.А. Казахстан за годы независимости. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2005.
- 4 Электронные издания – Каталог организаций Казахстана frc.kz/sredstva-massovoy-informatsii-smi/.../42-361-0.html
- 5 Қазақстан Республикасының баспасөзі: статистикалық жинақ – 2012. – Алматы, 2013. – 130 бет.

References

- 1 Deviatoe zasedaniyes Mezhvedomstvennogo Soveta sotrudnishestvu v oblasti periodisheskoi peshati, knigoizdaniya I poli-grafiya. – Almaty: Balalar adebieti, 2007
- 2 Kniga I mirovaya sivilizasiya: materialy XI Mejdunarodnaya naushnaya konferensiya po problemam knigovedeniya (Mosk-va 20-21 apr., 2004); v 4 t. – M.: Nauka, 2004
- 3 Morozov A.A. Kazakhstan za gody nezavisimosti. – Almaty: KISI pri Prezidenta RK, 2005.
- 4 Electronniye izdaniya-Katalog organizasii Kazakhstana frc.kz/sredstva-massovoy-informatsii-smi/.../42-361-0.html
- 5 Kazakhstan Respublikasynyn baspasozii: statisticalyk zhiynak-2012. – Almaty, 2013. – 130 b.